Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ

ЖАМБЫЛ — ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛЫБЫ

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл туралы айту жеңіл де оңай және сөйте тұра күрделі де қиын. Оның айтуға жеңіл болатын себебі, Жамбыл - әлеуметтік, ақындық, тұрмыс-тіршілік жақтарынан алып қарағанда өмірде сирек кездесетін тұтас сом тұлға. Оның алып тұлғасын мүсінші өмір — бүтін бір жақпар граниттен қашап шығарғандай, суретші өмір — оның табиғи көркін бір түсті қалың бояумен айнытпай түсіргендей, ал композитор өмір - оған пәрменді үн беріп, симфониялық әуенге бөлегендей.

Жамбыл туралы айтудың қиындығы мен күрделілігі — оның өмірі мен творчествосы түгелдей қазақ халқының болмыс, тұрмысының диалектикалық өзгерісімен тығыз тұтастығында. Жүз жыл ғұмыр кешкен ақын қалайда туған халқының ең бір ірі тарихи асуын бейнелеуі керек болды. Өйткені, Жамбыл XIX ғасырда туып-өсті де, XX ғасырда қайта туып, қайта жасағандай, өзінің дарқан талантының тамаша қырларын ашты. Жамбыл Абай мен Некрасовтың, Маяковский мен Сейфуллиннің тұрғылас замандасы болды.

Ұлы жыршыны зерттеудің күрделілігі мен қиындығының тағы бір себебі мынада: оның творчествосынан бүкіл халық тағдырының өзгерісі мен құбылыстары айнадай айқын көрініс тапты. Сонымен қатар екі ғасырдың жаршысы болған қарт ақын Россияның үш императоры тұсындағы халықтың тұрмысы мен аянышты халдерін бейнеледі. Ақырында ол отыз жыл бойы советтік жаңа заманды және көсеміміз В. И. Ленинге деген бүкіл социалистік ұлттардың сүйіспеншілігін бар шабытымен асқақтата жырлады.

Егер де Жамбыл ақындығының басты белгілерін анықтауға тәуекел етсек, онда оның табиғатынан төкпе шешен, тегеурінді талант иесі екенінен бастауға тура келеді.

Көпке мәлім, Маяковский өзінің өмір тарихын мынадай сөздермен бастаған-ды: «Мен ақынмын. Сонымен тартымдымын да қалаулымын». Осы қисынды Жамбылға сәйкестендірсек: Жамбыл өресі биік, өрен жүйрік ақын. Сонымен тартымды да қалаулы ол. Қазақ халқының тарихында поэзияның алтын дәуірі Абай Құнанбаевтан бастап бүгінгі Тұманбай Молдағалиев пен Олжас Сүлейменовтерге дейін созылуда десек, осы арада Жамбыл ең алдымен айрықша ірі және байырғы талант иесі тұлғасымен танылады, табанда суырып салып, турасын айтатын тапқырлығымен көзге түседі. Оның бала кезінен бергі барлық өмір жолы халыққа өлең өнерімен

қызмет жасауға бағышталған. Мұны ол өзінің азаматтық борышым деп білген. Бұдан басқа жолды Жамбыл білген де жоқ, білгісі де келген жоқ.

Сондықтан ол әкесі дәріс тыңдатуға берген молдадан ат құйрығын кесісіп, қашып шықты да, өзінің нағашысы Қанаданнан домбыра тартуды, ал Сүйінбайдан ақындық-импровизаторлық өнерді үйренді.

Жамбылдың творчестволық жолы қазақ өнерінде әлі де болса фольклорлық сипат басым боп тұрған дәуірде басталды.

Қазақ халқы өзінің қатал тарихи жағдайында, тірлік үшін, тәуелсіздік үшін жүргізген күрес, тартыс жағдайында жасаған рухани қазынасының ішінде көзінің қарашығындай сақтап қалған ең асыл, ең қымбат мұрасы — оның ақ жамбыдай ақындық жыры, бай тілі, сөз өнері. Бұл мұраны халық сақтап қана қойған жоқ, жетілдіріп келді. Мұны қазақты білгеннің бәрі біледі. Сондай-ақ Жамбылдың ақындық өнері мен қызметі барша әлемге аян болды. Кімде-кім болмасын, мейлі ол: орыс, араб, француз, ағылшын, неміс немесе поляк болсын - бәр-бәрі де қазақ халқының шектен тыс қиын жағдайда мәдени ортадан жырақ қалып, құлазыған шексіз далада түйемен көшіп жүрген тағы номадтар аталса да, оның осындай қисапсыз тіл байлығын қапысыз меңгергендігіне қайран қалды.

Міне, өткен ғасырдың 1-ші жартысында қазақ даласына жер аударылып келген поляк елінің азаматы Янушкевич қазақ сөз өнері туралы былай деп жазған: «Мен қырғыздардың (қазақтардың) ойлау қабілетінің күштілігіне көзім әбден жете түсті. Сөзге қандай жүйрік дейсіз. Әрқайсысы өз ісін түсіндіруге шебер-ақ және қарсыласының дәлелін қағып тастауға өте машық. Осының бәрін күллі әлем әрі тағы, әрі жабайы санайтын дала халқының арасынан өз құлағыммен естідім-ау деймін, мен ішімнен. Бірнеше күн бұрын мен бір-бірімен жауласқан екі жақтың арасындағы жанжалдың куәсі болдым. Еш уақытта Демосфен мен Цицерон туралы ешнәрсе естімеген шешендерге таңқалып, қол соқтым, неге десеңіз, бүгінгі менің көріп тұрғаным қара танымайтын, оқи алмайтын, ал сөйтсе де мені талантымен қайран қалдырған ақындар болып шықты».

Ақынжанды қазақ халқы туралы, оның ақындық мәдениеті мен тілдік қорының молдығы туралы көрнекті оқымыстылар аса зор ілтипатпен жазды: Радлов және Алекторов, Григорьев және Потанин, Веселовский және Диваев. Айталық, академик Радлов былай деген: «...ырғаққа құрылған сөздерді дүниедегі көркем өнердің жоғары сатысы деп ұғынатын, суырылған шешендікке жаны рахаттанатын халықтың сөздері солай болып келуі әбден түсінікті».

Сондықтан қазақ халық поэзиясының дамуы жоғары сатыға жеткен. Ұлттық менмендік сезім оған мүлде жат. Тұңғыш қазақ оқымыстысы Шоқан Уәлиханов халық поэзиясының байлығын бір рет қана көрсетіп қойған жоқ, әлденеше рет айтты. Ол былай деп жазды: «Біздің халықта шығыстық шығармалардан гөрі көбінесе индогерман эпосына бір табан жақын, ұқсас, поэтикалық көркемдігі келіскен, бай, тамаша әдебиет

бар. Сайып келгенде, бәрінен бұрын маңыздысы біздің қоғамдық дамуымыздың формасы нағыз табиғи кезеңінде болса да, оны мәдениеті дамыған елдің нәтижелерімен әбден салыстыруға болады». Туған халқының тарихы, мәдениеті мен тұрмысының терең білгірі Шоқан Уәлиханов қазақ ауыз әдебиеті мен профессионалдық поэзиясының таңдаулы үлгілері «халық рухының, ұғымының, салт-сана, әдет-ғұрпының айнасы, прогрессивті интеллектуалдық поэзияның көрінісі» екендігін әбден жақсы дәлелдеді.

Қазақ халқының сөз өнері тек қана батырлық эпос арқылы молығып, дамып қойған жоқ, ол сонымен бірге жезтаңдай ақын, жыраулар тудырған дидактикалық, лирикалық, философиялық ойға толы толғау термелер, уытты сатиралық памфлеттер, арнау, тарихи жырлар арқылы толығып, кемелденіп келді. Сонымен қатар қазақ поэзиясының бүтіндей ерекше, тамаша түрі — айтыс өнері. Бұл сияқты ақындардың сөз жарыстары, әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда, келелі мәселелерді кең қозғап, әрі терең, әрі өткірлік мәнге ие болып келді. Бұл жанрды өрістетуде Біржан мен Сараның, Әсет пен Ырысжанның, Шөже мен Кемпірбайдың, Жамбыл мен Құлмамбеттің айтыстары классикалық озық үлгілер боп есептеледі.

XIX ғасырда ұлан-байтақ қазақ даласының әр қиыр, әр бұрышынан дербес өзгешеліктері бар авторлардың ақындық мектебі қалыптасты. Мәселен, олар мыналар: Батыс Қазақстанда Махамбет, Мұрат, Шернияз есімдері; Орталық Қазақстанда Шортанбай, Дулат, Шөже; Оңтүстік Қазақстанда Майлықожа, Нұралы және Молда Мұса секілді жазба ақындар; Жетісуда Сүйінбай мен Жамбыл т.б. болып табылады. Мұның бәрі Жамбылға тікелей қатысты. Құйма құлақтығы арқасында естіп-білгенін тұтас ұмытпауына орай ол өз көкірегінде тамаша өлеңдер мен аңыздардың, ертегілер мен қанатты сөздердің бір арнада тоғысқан қазыналы қоймасын, дүниеге мол дүкенін жасады. Мұндай «дала университетінсіз» Жамбылдың жырдан жаралған тұлғасын ұғып-білу мүмкін емес еді. Сондықтан да ол өзінен бұрынғы ақын, жыршылардан өлең-жырдың эстафетасын қабылдай отырып, халық поэзиясының тамаша дәстүрін жалғастырушы, жандандырушысы болды.

Осындай құнарлы топырақта Жамбыл таланты дарқан дамып, кемелденді. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының стихиясы ірі толқындардың жотасында шынайы халық ақыны Жамбылдың таудай тұлғасын аспанмен таластыра шарықтатты. Сондықтан «оның жырларындағы қазақ халық поэзиясының ғасырлар бойы жасаған дәстүрі әлемдік әдебиеттегі факт боп табылды» деп түйді венгер ғалымы Бальдапфель.

** *

Біздің тағдырға ырза болатын бір жайымыз, ол ғасырлар бойы қайғы шеккен қазақ халқының қараңғы көгінде XIX ғасырдың алғашқы жартысының бас-аяғы отыз жылының ішінде бір шоқ жарық жұлдыздың пайда болуы еді. Бұл болашақ бақыт таңының нышаны іспетті жарқын есімдердің шоғыры болатын. Мен Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай, Сүйінбай туралы айтып отырмын. Осы жарқын жұлдыздардың шоғырына Жамбыл да қосылады. Олар өзінің талантымен, жігер-қуатымен белгілі тарихи жағдайда дүниеге көз-қарасы, білімі, творчествосы арқылы туған халқының рухани байлығын көрсете алды. Сөйтіп мұндай халықты ешкім құрта да, құлдыққа сала да алмайтынын дәлелдеді. Бұлардың еңбегі мен шығармаларының арқасында тарих мынаны көрсетті: шетел басқыншыларының табанының астында, ғасырлар бойы хандардың, сұлтан мен патшалардың, бай мен молдалардың езушілігінде Әбу Насыр әл-Фараби заманынан қалған көптеген қалалар мен селолар, жолдар мен каналдар, кітапханалар, мәдени ескерткіштер құрып кеткен. Кейін білдік, осыншама мол шығынға қарамастан, асыл мұраның бірқатары сақталыпты, жетіле түсіпті және халықтың қол жеткен табысы мен оның рухани байлығының қазынасы ретінде біздің күнге келіп жеткен.

Әрқайсысы өз халқының рухани дүниесіне қайталанбас, өшпес өзіндік үлес қосты. Олардың өлмес еңбектері туған халқының мәдени қазынасын байытты. Егер шартты түрде Жамбылды Абаймен салыстырып қарасақ, біз мынаны көреміз. Жамбылдың Абайдан жеті ай кішілігі бар. Екеуі бір дәуірде, бір тарихи жағдайда туды. Бірақ, Жамбыл Абайдың философиялық, идеялық-эстетикалық деңгейіне көтеріле алмады. Себебі, ол өмір бойы сауатсыз болды. Сондықтан да ол Шоқан, Абай, Ыбырай қолы жеткен орыс және европалық мәдениеттен сусындай алмады. Ал мыналарды алсақ, оңына орай сол заманның алдыңғы қатарлы оқымысты интеллигенциясымен қарым-қатынаста болды. Әйткенмен, Жамбыл жағдайының да өзгеше бір ұтымды жағын алмасқа болмайды. Ол өмір бойына халықтың мұң-шерін, қайғы-қасіретін өз басынан бірге кешірді. Туған халқының арман-мұратын өткір сезінді, ой елегінен өткізді.

Ақындық жолда ең алдымен халықтық эстетиканың ұлы мұраттарына арқа сүйеп, әрқашан халықтың өзіндік мәдени-ақындық дәстүрін мықты ұстады. Әрине, революцияға дейін ақын творчествосы тарихи ортаның артта қалғандығынан, автордың дүние тану көзқарасының тұйықтығынан мейлінше өрістеп кең қанат жая алмады. Әйткенмен де Жамбыл үздік тұлғалы ұлы халық ақынының бейнесін танытты. Халықтың қалың ортасында туып өсіп, бірге жасасқан байырғы ақын әлеуметтік құрылысты, өз халқының көкейтесті ойларын, арман-мүддесін жыр етті. Осының бәрін ол халықтың өз тілінде, оның адамгершілік, азаматтық эстетикалық сезімін қозғай, тәрбиелей отырып жырлады.

«Жамбылдың қуаты, — дейді орыс жазушысы Алексей Толстой, - оның творчествосының халықтығында, оның шабытының қайнар бұлақ көзі - қазақ халқының және оның біздің заманда жүзеге асқан талай ұрпағының арманы мен үміті».

Орыс жырының шебері, ақын Лебедев-Кумач: «Жамбыл атынан бүкіл халқы сөйлейді, сол себептен Жамбыл творчествосы мәңгі өшпейді», - деді. Жамбылдай өте сирек кездесетін адамның өмірбаянына зейін салсаң, оның толық екі адамның ғұмырын бастан кешіргенін көреміз. Соның әрқайсысында ол өз дәуірінің алдыңғы сапында жүріп, болашаққа көз тіккен, сол жарқын болашақты жақындату үшін жырымен, уытты сөзімен жан сала қызмет еткен Жамбылдың революцияға дейінгі өмірі туралы мәліметтерді кезінде толық жинай алмадық, оның ғажайып жырлары мен поэмаларының кемінде тең жартысы жазылмай жоғалып кетті. Бұл өкінішті жай. Жамбыл өмірінің алғашқы кезеңі туралы сақталған азын аулақ деректерден және жырлары мен поэмаларынан, айтыстарынан бүкіл қазақ халқының жыршысы мен мұңшысы болған тамаша талант иесі азамат ақынның бейнесін танимыз.

Жамбылдың 1913 жылғы сарғайған суреті сақталған. Романов тұқымының патшалық құрғанына 300 жыл толуына байланысты Верный қаласындағы губерния бастығының шақыруымен бір топ ақын суретке түскен. Салтанатты жиынды ұйымдастырушылар ақын жырларының жергілікті тұрғындарға қатты әсер ететінін түсініп, ақындарға ақ патшаны жер-көкке сыйғызбай дәріптетпек болған. Түсірілген суреттің ортасында сұлу сақалды, ойлы көзді егде адам отыр. Оның қолында домбыра. Тағы бір сурет - бұл 1916 жылы түсірілген. Онда да осындай адамдар тобы, бірақ олар ақындар емес, түрмеге түскен көтерілісшілер. Мұның да ортасында алғашқы суреттегі сұлу сақалды, егде адам отыр. Бірақ, ол бұл жолы домбырасыз, аздап белі бүгілгендей. Бұл Жамбыл еді. Оны көтеріліске қатысты деген күдікпен түрмеге жапқан. Олар Жамбылды көтерілісшілерден бөлектеп ұстаған. Сөйтіп, атақты халық ақынының қалың бұқараға өлеңмен насихат жүргізуіне мүмкіндік қалдырмаған.

Ең ақырында, Жетісудағы ташкенттік экспедицияның[1] материалы бар 1925 жылғы «Терме» альманағының нөмірі сақталған. Онда жетпіс жастағы Жамбыл Жабаев бастаған жетісулық он алты ақын туралы айтылады. Бұрынғы уақытта Жамбыл туралы сақталған ресми мәліметтен бізге жеткені осы ғана.

Жамбыл кезінде көптеген ақындармен айтысқан. Ол айтыстың көпшілігі естен шығып, бізге он шақтысы ғана жеткен. Айтыс өнерінде Жамбыл жеңіліп көрмеген ақын. Бұл жердегі ақындардың пірі болып есептелетін атақты ақын Құлмамбетпен айтысы — әлеуметтік жағынан нағыз сөз семсерін салысқан өткір жекпе-жектің үлгісі еді. Жамбыл

[1] Экспедицияны басқарған Шамғали Сарыбаев.

қарсыласқан дұшпанын тек қана ақындық қуатының басымдылығымен емес, сонымен қабат ащы шындықты айтқан өткір сатираның уытымен жеңді, байларды қызғыштай қорғаған Құлмамбет тұрғысының дәрменсіздігін аяусыз масқаралап жеңді.

- Уа, Құлмамбет, сөз тыңда,
Байларым деп салмақтап
Не қыласың құр мақтап,
Өңкей ақымақ есекті.
Елдің сиқын кетірген,
Кәсіп қып өтірік-өсекті.
Мен сөйлесем қаларсың
Ашылмас тұман ескекке.
Баймын деп сендей тасыман,
Кедеймін деп жасыман.
Берекелі елді айтам,
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөзді асырман.

Есте жоқ ескі замандағы өз өмірі туралы Жамбылдың былай дегені бар.

«Жас кезімде, — дейді Жамбыл, — бұқара халықты жақсы түсіндім. Өзім туралы және халқым туралы шындап жырладым. Халқым туралы жырлағаным - өзім туралы жырлағаным. Өзім туралы жырлағаным - халқым туралы жырлағаным.

Менің жырларым даланың еркін құсындай Жетісу өлкесін түгел шарлады. Арық атпен ауылдан ауылға жылжыдым. Қайғы мен шер туралы сыр шерттім.

Бай-манаптардың құлқы мені сүймеді, бірақ қипақтады. Көптеген ру басшылары өздеріне икемдеді. Менің басқа ру ақындарымен айтысқа түсіп, оларды мақтауым үшін азық беруге, жақсы сый-сияпат көрсетуге уәде етті. Бірақ, мен халықтан қол үзбеу үшін байларға бармадым. Олармен ат құйрығын кесісіп, өз қалауыммен ілгері кеттім». Революцияға дейінгі ақынның алғашқы өмірі жетпіс бір жылға созылса, соның елу бес жылын, яғни жарты ғасырдан артығын ол өлең-жырға жұмсады. Қазақ, қырғыз жерін көп аралады.

Халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін, демократиялық дәстүрлерді жалғастыра отырып, сол дәуірде Жамбыл эпос пен лириканың өшпес нұсқаларын жасады, айтысқа түсіп өлеңді суша сапырып, қарша боратты, көптеген мақалдары мен қанатты сөздері халық жадында сақталып келді. «Кәдірбайдың төбеті», «Зілді бұйрық», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды» секілді сатиралық өлеңдері көшпілікке кеңінен мәлім.

Жамбылдай эпик ақынның тамаша табиғи дарындылығы «Сұраншы батыр» мен «Өтеген батыр» секілді эпикалық дастандар тудырды. Бұл дастандарда тек қана халық қайғысы мен қасіреті емес, сонымен бірге, халықтың бақытты, шадыман, еркін өмірін аңсаған арманы мен үміті айқын көрініс тапты.

Қазақ кедейінің өкілі, халық мұңының жыршысы Жамбыл болашақ революцияны қарсы алуда халық жағында болды. Революция гимнін жырлады және оның жалынды жаршысы болды. Осы тұста Жамбыл өміріндегі сирек кездесетін бір жайды айта кетуге тура келеді. «55 жасымда, — дейді Жамбыл, - жүдеу тарттым. Кәріліктен және ауыр тұрмыстан бүркіттей бүрісіп, көзім қарауытты, даусымда қарлығу пайда болды. Домбыраның орнына таяқ ұстадым, кең даланы еркін кезген басым, енді тар төсектен орын таптым. Менің қартая бастағанымды көріп, байлар мен билер, молдалар мен діндарлар қуанып «осы тілі ащы пәледен ертерек құтылсақ екен» деп тіледі. Бірақ олардың тілегі орындалмады».

Октябрь революциясы жеңді. Қазақ халқы тарихында зор бетбұрыс жасалды. Қарт ақын да қайта жасарып, қайта қанат қақты. Гётенің Фаусты секілді тың күш, соны серпінге ие болып, жігері мен творчестволық қуаты қайтадан қалпына келді. Бұл жөнінде Жамбыл өзі былай дейді:

«Жетпістен асқанда жаңа өмірдің таңы атты. Мен жер бетіне орнаған шындықты көрдім. Ленин батырдың атын есіттім, Қызыл әскердің жеңісін көрдім. ... Мен бұл бақытты, қуанышты өмір туралы, бүкіл халықпен бірге, шын жүректен шыққан өзімнің шабытты жырларымды айттым». Жамбылды жасартқан революцияның керемет күші екендігі шындық. Оны өте жақын білетін замандастары бұған қапысыз кепілдік ете алады. Әрине, Жамбылдың жасарып қайта жасауы, дене қуаты мен творчестволық жігерінің қайта тууы сықылды «керемет» кездесе бермейтін өте сирек құбылыс, бірақ болған факт.

«Қаным қымыздай қайнап, бұрқылдап, бүкірейген белім түзелді, кіршіксіз ақ тіс пайда болғандай сезіндім өзімді», — деген сөзді Жамбыл өз жырында да айтты. Ол шын мәнінде күш-қуатының нөпір тасқынын сезінген еді. Дүние тану түйсігі жағынан, тақырыбы жағынан, образдық құрылым, лирикалық саздылығы, ақындық шабыты жағынан Октябрь алдындағы, Октябрь революциясынан кейінгі және совет тұсындағы жырларын салыстырсаң, әлгі шындықты байқаймыз: рас, ол қайта жасарды, екінші рет жасады. Ол өзін шалқыма шабыттың қанатында сезінді де, XIX ғасырдың шаң-тозаңын сілкіп тастап, XX ғасырдың алдыңғы қатарлы адамдарының сапына ұлы сеніммен батыл барды. Жаңа дәуір, Октябрь жыршыларымен үзеңгілес
болды. Үзеңгілес қана емес-ау, шырқай шарықтаған творчестволық талантымен үздік көзге түсті.

Жалпыға мәлім, қалың оқырман және суырылып көзге түскен қазақ ақын-жазушылары Жамбылдың оянған халықпен бастан-ақ бір ниетте, бір

тілекте екендігін, ісіне жан-тәнімен берілген талант екенін таныды. Бұл оның тегеурінді поэзиясының жаңа идеялық-эстетикалық қасиеті мен арынынан, ондағы халықтар достығының аса әсерлі жырлануынан, дұшпандарын әшкерелейтін қаһарлы сатиралық образдарынан, халыққа деген шексіз сенімінен анық байқалды. Жамбылға халықпен бірге жұмыс істеу ме, не болмаса одан тыс қалу ма, әлде азамат соғысы біткенше қарай тұру жөн бе деген секілді сауалды шешудің қажеті болмады.

Маяковский мен Демьян Бедный секілді қазақтың қарт ақыны да халықпен ажыраспас тұтас бірлікте болды.

Жамбылдың екінші өмірі 28 жылға созылды, бірақ ол осы уақыттың ішінде қисапсыз мол және маңызды іс қалдырып үлгірді. Қандай қайран қаларлық шабытпен, құдіретті күш-қуатпен істеді дейсіз! Оның осы жылдары жыр-өлең теңізін шалқытуда қалай шарықтағаны әмбеге аян.

Жамбылдың өлеңдер жинағына жасаған шолуында чех әдебиетшілері оны өте жоғары бағалап: «Жамбыл біздің заманымыздың ешқандай кінәраты жұқпаған адамдардың қатарына жатады. Ол - ерікті дала қыраны, ол ешбір таймай, тайсалмай, өз бойындағы ең қымбат, асыл жасауы - поэзиясын ұсынды».

***

Павел Кузнецовтың аудармасымен «Правдада» басылып шыққан «Туған елім» атты атақты толғауы Жамбыл есімін күллі Советтер Одағына бірден-ақ танытты. Тоқсандағы қарттан қас қағымда мұндай керемет жыр туатынын, бұл секілді даналық мәйегі мен шабыт оянысын ешкім күтпеген еді. Ол екі заманның - революцияға дейінгі қайғы-қасіретке толы тұл заманның және сахарада бостандыққа қол жетіп, бақытты өмір құрған жаңа заманның куәгері болды. Ол оның өткен қасіретті өмірді және барлық халыққа бақыт әперген дәуірін, Отанды толғап берді. Бұл жыр ұлы ақынның соңғы жылдардағы жүз жылдық өмірінің осыншалықты екпінмен және қаулап өскен шағына тән сипат еді.

1936 жылы халық мәдениетінің тамаша табысы болып есептелген Қазақ өнері мен әдебиетінің Москвада бірінші декадасы өтті. Ондаған күндер ішінде ол партия, Отан, Москва және халықтар достығы, Қызыл Армия, мәдени революция, күңдіктен құтылған қазақ әйелі туралы, пионер және оқушы жастар туралы тамаша өлең-жырлар тудырды. Ақын Алматыға қайтып оралуға үлгірмей тұрып-ақ сұңғыла қария туралы, оның өмірі мен творчествосы және жаңа өлеңдерін жіберу туралы жан-жақтан хаттар мен телеграммалар сапырылысып келіп жатты. Ақынға оның өмір тарихын, революцияға дейінгі шығармаларын, сонымен бірге орыс тілінде соңғы аударылған жаңа өлеңдерін жазып алуға жеке секретарь, аудармашы белгілеуге тура келді.

Қазақстан Жазушылар одағының секретары, кейін лредседателі болып істеген тұсымда Жамбылмен жиі кездесіп жүрдім. Сонда бәрінен көбірек ой жүйесінің күштілігіне, ақындық дарынына, қайталанбас күрделі де ерекше мінез-құлқына таң қалдым. Жамбыл жыр төгіп қана қойған жоқ, сонымен бірге жыр текстіне сай әуенді музыка да шығарды, оны өзі домбырамен сүйемелдеп, бірнеше өнердің басын түйістірді.

Жамбыл Москвада өткен тұңғыш декададан бастап «Правда» газетінің Қазақстаннан тұңғыш шыққан тұрақты правдашыл ақыны болды. Оның көптеген шығармалары ең әуелі орталық газет бетінде жарық көрді.

Ақынның «Конституция күніне», «Халықтар туысқандығы», «Ленин мавзолейінде», «Ленин», «Мәстек пен тұлпар», «Испандық туысқандарға», «Бесік жыры», «Москва туралы жыр», «Бақыт жыры» секілді шығармаларын талдасақ, онда оның ерекше тегеурінді талантына, идеялық позициясының айқындығына, образдылық, реалистік өткірлігіне, эмоциялық байлығына сүйсінбеске болмайды.

Жамбылдың керемет ақындық шеберлігін бүкіл ел таныды. «Біз Жамбыл кітабын ашқан уақытта, — дейді Константин Симонов — бірінші рет онан тамаша қарапайымдылық пен образ дәлдігін аңғарамыз. Жамбыл поэзиясында көрінген ассоциация үнемі анық, қысқа және қырланып өткірленген...».

Егер Жамбыл бір ғана қазақ тілін білсе, ұлттық фольклорда тәрбиеленсе, онда ең алдымен мүлде ұлттық ақын деп осы сөздің тар аясында айтуға болар еді. Бірақ олай болмай шықты. Халықтардың өзара достығы мен бауырмашылдығын мадақтап, жер шарындағы бейбітшілік туралы идеяны жырлауы, барлық қанаушы атаулыға және оның сойылын соғушыларға қарсы өшпенділік сезімін ұштап, нағыз интернационалдық тұрғыдан табылуы Жамбылдың көп күйттеген сүйікті тақырыбының кең ауқымын, мәдениетінің кең шеңберін аңғартса керек. Және мұнда жалаң дидактикаға және жасанды схемаға салыну жоқ.

Жамбыл жыл озған сайын тек қана туған қазақ халқының сезімі мен ойын арқау етіп қойған жоқ, оның үстіне басқа да туысқан халықтарды жырға қосты. Бүкіл халықтық ақын ретінде идеялық жағынан толысты, өсті, көп тілді және көп ұлтты совет халқының ортақ сезімі мен мақсат-мұратының жалынды жыршысы болды.

Ол өзінің творчествосымен Совет Одағында мекендеген барлық халықтардың атынан сөйледі, сондықтан оның социалистік мазмұнға толы шығармаларында қазақтың ұлттық дәстүрлері мен жаңа интернационалдық қасиеттер диалектикалық бірлік тапты дей аламыз. Жамбыл өзінің терең тебіреністен туған толғауын «Одағым» деп атады.

Жамбыл поэзиясының ауқымы көбінесе совет тұсындағы поэмалары мен өлеңдерінде кеңейе, өрістей түсті, көп бояулыққа ойысты, ақын ойы бүкіл планетаны қамтып, құшағына алады. Испания, Абиссиния,
Германиядағы жағдайлар оны да толғандырады.

«Абиссиниядағы төгілген қанға», қытай кедейлерінің күрішті даласын етіктерімен таптаған жапон самурайларына, генерал Франконың итальян және неміс фашистерінің көмегімен Испания республикасын тұншықтырғанына ашу-ыза білдіреді. Қарсыласушылар тобындағы негр студентін көріп Жамбыл былай деген: «Мен осы адамның отаны болмағаны үшін жырлаймын». Сондықтан да Ромен Роллан өзінің жүректен шыққан құттықтау сөзін тектен-текке жазған жоқ. Жамбыл антифашист ақындардың алдыңғы қатарында болып, өзінің тамаша патриоттық, жауынгерлік шығармаларын жариялады, Халық бақыты мен еркіндігіне қол сұғушы гитлер фашизміне қарсы өшпенді өлең-жырдың құнарлы негізін жасады.

Жамбылды бақылай жүріп, оның өмір сүйгіштігіне, қажымастығына, демократияшылдығына тәнті болатынбыз. Ол ат үстінде жігітке ұқсады, үйде мейірімді тұтқа, ал ақындарға әрі қайырымды, әрі қатал ұстаз еді. Адамға үйірсектік, ақылға тапқырлық, қарапайымдылық, мемлекеттік межеде ойлау, табиғи қабілеттілік ақынның таң қалдыратын тамаша қасиеттері еді. Қысқасы, ол халық сүйіктісі болды.

***

Бір күні біздің үйде қазақ елінің мақтанышы, өз өнерлерімен танымалы болған көркемөнердің үш түрінің дарынды дауылпаздары — Жетісудың су төгілмес жорғасы Жамбыл жырау, Сырдарияның саңлағы Тұрмағамбет шайыр, Қара Ертістің еркесі атақты Естай әнші қонақ болды. Мұнда мен Жамбылдың тек қана қазақ емес, Шығыстың ұзақ дастандарын тамаша жырлайтынын, сондай-ақ есіту қабілеті күшті, отырған жері думандаған базар, әңгімеге шебер кісі екенін анық аңғардым. Ақынның өткір сықақ пен уытты мысқылға толы өз замандастарына арнап айтқан әдепті әзілдері де әрі жайдары, әрі жарасымын тауып, отырысты есте қалдырарлықтай етіп қыздырып жіберді.

- Жәке, сіздің дабысыңызға мен ертеден-ақ хабардармын. Содан бері сізбен жүздесіп, сұхбаттасуға барынша ынтызар едім. Енді, міне, бүгін соның сәті түсіп, ақындардың айбатты арыстанын көзіммен көріп, кездесіп отырмын! — деді рахаттана асқақ әнші ақын Естай қария.

Сонда Жамбыл оған былай деді:

- Иә, қоңыраудай күміс көмей, сайраған жезтаңдай бұлбұл әншім, сен мені тер төгіп, жан сала іздемегенсің. Егер де сен өзіңнің құштар болған Қорланыңды Үнді мен Қытайдан, Мысыр мен Бағдадтан таба алмағаның сықылды іздеген болсаң, әлдеқашан тапқан болар ең. Неге десең, мен сенен онша алыс емес, Сарыарқаның Біржан сал, Балуан Шолақ, Нысанбай жырау, Шашубайларының аяғы жеткен жерде Алатауды айналып жүр едім ғой. Бірақ, мен сені және сенің сүйікті Қорланыңды ешуақытта өшпейтін, өлмейтін, өмірлік суретін сенің асқақ әніңнен таптым.

Мен енді Жамбылға Сырдария мен Амударияның бойына аты әйгілі болған Тұрмағамбетті қызыл тілге келсе, суырыла жөнелетін ақпа ақын, қалам-қағазға келсе, өлеңді шайырларша шығаратын жазба ақын екендігін айтып таныстырдым. Ол осыны естісімен-ақ құлағын түріп елең ете қалды да, еңсесін бір көтеріп алып, тура Тұрмағамбетке өткір көзін тіге бірден үн қатты:

- Ертеде, жырлап жүргенімде, қалың қазақты шарлап аралай-аралай Жетісумен жапсарлас Сырдария облысын, Алатаумен астарлас Қаратау төңірегін аралап, бауырмал Сыр еліне, қонақжай Түркстан оязына тақау бардым. Атақты Майлыоқожа, Құлыншақ, Майкөт ақындарға кездесіп, өнерінен үлгі алып, өздерін пір тұттым. Сол сапарымда ақындардың ішінде халқының аузынан түспейтін көп естіген есімім, алмастай өткір тілі бар, ағыл-тегіл жыры бар, шығарған сөзі шырайлы көп тыңдағаным Шәді төре мен Тұрмағамбет болған. Сонда көңілім тасып таңданып қайтқанмын. Жамбыл осыны айтып сәл бөгелді. «Ер қадірін ер білер, зер қадірін зергер білер» дегендей, ол Тұрмағамбеттің кейбір өлеңін жатқа білетін болып шықты.

Сөйлеген сөзім ыңғайлы,
Құмартып халқым тыңдайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса,
Күлістік етіп көбісі,
Бір-біріне ымдайды.
Сөз өлшеуін білмеген
Шағалаша шулайды.
Тал жібектей таза сөз,
Еш жеріңді жырмайды, -

деп көкейіне қонып, санасында сақталып қалған «ақындық, шайырлықтың» міндетін айтқан Тұрмағамбеттің етене жақын осы бір толғауын айтып шұбырта жөнелді. Жанды жадыратар сәтті де сәнді осы толғау көп ұзамай «Шөлмек» деген атпен толық түрде «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланып та еді (27 август, 1936 жылы).

Жамбыл осыдан кейін сәл бөгелді де, тағы да бір қозғалып қойды:

- Сізді біреулер «ақын», «шайыр», біреулер «молда» дейді. Сіз сол ушеудің қайсысы боласыз? Өйткені халық қанша дәріптегенмен сіз бір мезгілде әрі лапылдаған от, әрі тасқындаған су бола алмайсыз ғой, — деді Жамбыл құлана қарап, Тұрмағамбетті де сөзден тоқтатқысы келгендей.

- Егер сіз кітап оқып, хат жаза алсаңыз, сірә, ел-жұрт сізді де «молда» деп атаған болар еді, Жәке, — деді шығыс әдебиетінен сусындаған, білімді һәм сөйлер сөзден ешқашан мүдірмеген, әзір жауап, тапқыр Тұрмағамбет.


Алдында ғана Естайдан есесін алып, сөзден оны сүріндіріп отырған Жамбылға бейқам отырған Тұрмағамбет бұл арада Жамбылдың мынадай

тосын сауалына табан астынан сөз тауып кетті. Содан ба, әлде есімі мен өлеңі ерте кезден зердесіне сақталған ардақты ақынын, үзеңгілес жолдасын, аңсаған адамын алғаш көргеніне риза болды ма:

- Ендеше, кейбіреулер күн мен түнді ажыратпай шатастырып алып жүр екен ғой, - деп шаттана күлді кемел ойлы кемеңгер, кәрі құлақ Жамбыл ақын.

Сөйтіп, «Сырдың сүлейі» атанған Тұрмағамбет, Ертістің ерке түлегі атанған Естай есімін аламан-тасыр ауыр заманның өзінде-ақ қазақтың керілген кең даласының қашықтығына қарамай, жақсылықты жатқызбай «шекарадан өткізіп», Алатау атырабына алып келуші, алғашқы «елшілік» қызметті атқарушы Жамбыл екенін анық білдім.

Халқымыздың мақтанышы ежелгі үш алып өзен, Судан — Жетісу, Ертіс, Сырдариядан нәр алып, оның бойында өсіп шыққан үш бәйтерек шынардың тұңғыш дидарласуында өнерді осылайша қастерлеген қызу әңгіме-дүкен мерекесінің ішінде болып, осы бір «тірі» деректі өз құлағыммен естігенімнен бері арада қырық жыл өтсе де есімнен кетпейді. Әсіресе көргені мен естігені көп, көңіл көзі ашық шежіреші жырау, батылдығы мен парасаттылығы мол қайсар Жамбылға тағы да бір таң қалғаным бар.



Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші он күндігіне қатысушылар (Москва, 27 май, 1936 жыл). Солдан оңға қарай: Т. Жүргенов, Қ. Жандарбеков, Е. Өмірзақов, Б. Брусиловский, О. Исаев, К. Байсейітова және Жамбыл.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі, қазақтың көрнекті қоғам, мәдениет қайраткері, халық таланттарының 1934 жылғы Бүкіл қазақстандық бірінші слетін, қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 жылғы түңғыш он күндігін өткізуге жетекшілік еткен, үлкен ұйымдастырушы, іскер басшы Темірбек Жүргенев (1898—1938) халық поэзиясының өркенін өсіріп, өрісін ұзайтқан үлкен өкілдері, ақындық екі арнаның қайнар бұлағындай хат танымайтын төкпе ақын, халық жырауы Жамбыл мен хат танитын білімдар, жазба ақын, халық шайыры Тұрмағамбетті айрықша қамқорлыққа алды. Жамбыл мен Тұрмағамбеттің қатар мектеп программасына, қазақтың халық ақындарының ішінен алғаш көзі тірісінде оқулыққа кіруі (екеуінің бірге суретке түсірілуі де) осы кез болатын, «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» деп ұлы Абай айтқандай, творчестволық еңбек ету үшін осы секілді жасалынған жағдай, партиялық қамқорлық бұларды қанаттандырып жіберді. Жамбыл жаңа заманға арнап жаңа жырдың тиегін ағытса, Тұрмағамбет (осы жолы аулына қайтпай, Алматыда қалды) көл-көсір ғажайып шығарма, «кітаптар патшасы» аталған Фирдоусидың «Шаһнамасын» қазақшаға шұғыл аударуға қызу кірісіп кетті.

***

1937 жылы декабрьдың бас кезі. Қазақстан Жазушылар одағына Москвадан телеграмма келді. СССР Жазушылар одағы басқармасының секретары В. Н. Ставский Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдық салтанатты мерекесіне қазақ делегациясын ұйымдастыруды өтініпті. Делегация бастығы Жамбыл болғанын мақұл көріпті.

Сонымен, Жамбылды Грузияның астанасы Тбилиси күтіп тұрды. Онда СССР Жазушылар одағының көшпелі пленумында сөз сөйлеуі керек. Таңертең пленумға қатысушылар Жамбылды бүкіл зал түрегеп тұрып, ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды. Грузияның сымбатты, қара көз қызы сыңғыраған таза үнімен дауыстап былай деді:

«Біздің Одағымыздың бұлбұлы — ұлы ақын Жамбыл жасасын!» Председательдік етуші Всеволод Вишневский Жамбылға сөз кезегін берді. Мен домбырасын қорабынан шығарып, Жәкеңнің қолына ұстата қойдым. Біздің делегацияның барлық мүшелері Жамбылдың қалай өнер көрсететіндігін мазасыздана күтті.

Ақын домбырасын қолына алғанда залда тылсым тыныштық орнады... Жыршы айналадағыны ұмытқандай болып, өзіне-өзі келіп алды. Ол әуелі үн тербелісінен ақырын пайда болған әуенге құлақ тіккендей белгі берді де, содан кейін саусақтары қимылдай бастады, бірақ әлі де ішекке жуықтаған жоқ. Сонымен, біз, қатысушылар, жырдың мынадай төтен туу процесіне куә болдық... Бірінші рет домбыра шегінен шыққан үн, бірінші

аккорд. Әсем сазды мелодия күмбірлеген кезде одан дала жусанының иісі, қараторғай мен бозторғайдың үні, әрі тау бұлағының сылдыры естілгендей әсер туды. Ақын басын тәкаппар шұлғып қалды; енді біздер еңкейген қартты емес, шаңқай түстегі мол шұғылаға бөленген, күш-қуатына, мұқаусыз қайратына мінген емендей ер жігітті көргендей болдық: көзінде от, бетінде күрең тартқан нұр, оның шиыршық атқан бұлшық еттерінде бұрқыраған қуат бардай. Міне, жыр нөсері ақтарылды. Жыршы ойға шомбады, сөз таңдап кібіртіктеу тіпті жоқ. Термелеп кетті.

Нақышталып қырланған, бір-бірімен қиысып жымдасқан мінсіз жолдар ұйқас түйдегіне айналып ешбір кідіріссіз туа берді. Бұл жыр жаратылысының құпия сыры еді. Аты аңызға айналған халық мұңшысы Асан қайғының жиһанкездік сапары туралы, иығына жолбарыс терісін жамылған грузиннің кемеңгер ақыны туралы, өлмес кобзарь Тарас туралы, Онегин мен Татьяна туралы, Ұлы Абай арқылы мінсіз аударылған Пушкин туралы шалқыма шабытпен шырқады. Бұл тамаша ойлы жыр ұрпақ пен ұрпақтың дәнекерлігі, сабақтастығы туралы, халықтың өлмес данасы туралы, адамзат өмірінің мәңгі баяндылығы туралы тербелді. Оны «Өмір жыры» деп ақынның өзі атады.

Жыр толас тапты. Толық үнсіздік. Осыдан кейін күн күркірегендей, тау сілкінгендей дүрліге қол шапалақтаулар. Дыбыс сапырылыстары. Овация.

Всеволод Вишневский Жамбылға ұмтылып, оны қапсыра құшақтады.

— Данышпан қарт! - деп Владимир Ставский шаттана үн қатты.

— Ақындардың атасы! - деп Николай Тихонов ризалық сезім білдірді. Кейін ол Жамбыл туралы «Ақындар атасы» деген естелік мақаласын жазды. Демьян Бедный, Микола Бажан, Янка Купала, Галактион Табидзе оны бір ауыздан мақұлдап мадақтап, мақтан тұтып тұрды.

Павел Кузнецов келесі күні пленумда «Өмір жырының» аудармасын оқыды:

Мен ұзақ өмір сүрдім, көпті көрдім,
Көргенді ойға түйдім, ойлай жүрдім.
Құзынан таудың биік, шыңға өрлеген
Есіттім жырын ақын Шота ердің.
Кавказдың шыңыменен шендескендей,
Құлағым шалды иесін шерлі жырдың.
Жайнаған грузиннің жас ұлына,
Көз түсті тауда жортқан асылына,
Түнерген тау басына мұнардайын,
Ізіңдей жолбарыстың жасырына.
Шотаның шырқап салған жыры арналған
Келешек жасөспірім ғасырына.

Жамбыл СССР Жазушылар одағының көшпелі пленумында өстіп бір жыр төксе, екінші рет Тбилисидегі еңбекшілердің салтанатты мәжілісінде жыр нөсерімен шықты. Астана тұрғындары Жамбылды енді тік тұрып тыңдап, оған керемет қошемет көрсетті.

Грузия сапары Жамбыл творчествосы үшін өте жемісті сапар боп табылды. Ол поезда, аялдамада, Орынборда, Чапаевта, Махачкалада, Ростов-Дон қалаларында арнайы жырлар айтты, кейбір жыры Москвада туды. Осы жолы туған өлең-жырлары «Кавказға сапар» атты тұтас кітабын құрады. Бұлар К. Алтайский және П. Кузнецов арқылы тез аударылып, 1938 жылы май айында Москвада басылып шықты.

1938 жылы Совет елі әдебиет тарихында бұрын-соңды болып көрмеген юбилей - Жамбылдың ақындық творчествосының жетпіс бес жылдығын мерекеледі. Орыс совет жазушысы Корней Чуковский көз жұмар алдында: «Мен жетпіс жылға жуық жазып және жариялатамын», — деп еді. Ал, шынын айтқанда, Жамбыл юбилейден кейін тағы да жеті жыл арымай-талмай жырлады ғой... Бұл салтанатқа туысқан республиканың бәрінен делегация келді. Юбиляр Ленин орденімен наградталды және көптеген елдерден сансыз телеграмма мен хаттар алды.

Симон Чиковани телеграммасында былай дейді: «Халық данышпаны, ақылды, мәңгі жас Жамбыл жасасын! Совет поэзиясының мақтаны, біздің ұлы дәуіріміздің, ұлы Отанымыздың жыршысы жасасын! Күн сәулетті Руставели елінен гүлденген Қазақстан ақынына жалынды сәлем!»

Наири Зарьянның телеграммасында мынадай сөз бар: «Жамбыл жыры Армения тауларында қазақ жеріндегі бұлақ сылдырының үнінен айнымайды».

«Сіздің қуатты талантыңызға бас иемін, — дейді Вешенская станицасынан телеграмма жолдаған М. Шолохов, — Сіздің жырыңыз әкелген қуанышқа шын жүректен ниет білдіріп құттықтаймын. Сізге денсаулық, ширақтық, күш тілеп, перзенттік сәлем жолдаймын».

«Неміс жазушыларының атынан жалынды сәлем жолдап, шын жүректен құттықтаймын!» - деп Берлиннен Иоганнес Бехер, Парижден Ромен Роллан құттықтау телеграммаларын жолдады.

Жамбылға кең-байтақ қазақ даласынан әрқайсысы өз жырын әкелген ақын қонақтар келді, Жамбыл юбилейі совет поэзиясы мен қазақ жырының бүкіл халықтық мерекесіне ұласты. Сондағы Жамбылдың тұтас тұлғасы мынаны көрсетті: Жамбыл кездейсоқ, бірегей дана емес, нұр сәулелі дәуір тудырған, шабыттандырған, қанаттандырған, даңқ биігіне самғатқан дарынды халық ақындарының шоғырланған саңлақтарының ішінде оңынан туған шолпан жұлдызы. Осы жарық жұлдыздың төңірегінен Нұрпейіс, Тайжан, Нартай, Шашубай, Доскей, Кенен, Қуат, Саяділ, Үмбетәлі, Нұрлыбек және басқалары жарқырап көрінді. Осы ерекше тұлғалар

Жамбылдан кейінгі ең жаңа саптағы жаңа өмірдің, туған халық бақытының жалынды жыршылары еді.

Бейбіт күндерде Жамбыл советтік құрылысты, халықтар туысқандығын, Коммунистік партияның даңқын, ұлы Лениннің мәңгілік тұлғасын арымай-талмай шабытпен жырлады.

Миллиондаған халықтың
Сүйеніші едің, белі едің:
Бұрынғы кезде шеткері
Қалып санға қосылмай
Жүрген қазақ елі едім,
Мені де сен теңедің, -

деп, ол бәрінен бұрын өзінің халықпен бірге екендігін бар санасымен, болмыс-тұрмысымен сезінді. Екі сөзінің бірінде: «Жамбыл деген - жай атым, халық - менің шын атым», - дейтін ол.

Сол бір Отан соғысының отты жылдарында Жамбыл мұрасы қаһармандық сипатқа ие болды. Оның патриоттық өлеңдері шабуылға бастады. Түйдек-түйдек сомдалған жырлар фашист басқыншыларына соққы болып тиді. Жамбылдың сүйікті ұлы Алғадай майдан даласында батырлықпен қаза тапты. Осы ауыр қазаға арнаған жоқтау өлеңінде Жамбыл қасиетті Отанның ұлылығын паш етті және жеңіске шақырды.

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
«Орынсыз, деп, — өлімі»,
Ондай ойлау менде жоқ.

Соғыста Жамбыл өлеңдері қарулы құралға айналды. Жүздеген соғыс бөлімшелерінен, соғыс аэродромдарынан, корабль борттарынан Жамбылға тынбай ағып хаттар келіп жатты. Олар ақын өлеңдерінің күш-қуат, әсері автомат, бомбардировщик, танк және «Катюша» секілді жаудың күл-талқанын шығаруға жәрдем бергенін жазады. Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» атты жыры плакат болып Ленинград ғимараттарының қабырғаларына жапсырылды. «Жамбыл Ленинградқа келді, — деді Тихонов, - және оны қорғаушылардың сапында болды».

Мемлекеттік сыйлықты енгізгенде Жамбыл қазақтардың ішіндегі ең бірінші лауреат болды. Үкімет қаулысында бұл сыйлықты «жалпыға

таныс өлеңдері үшін» берілді делінген. Қандай құрметті атау десеңіз Фашизмді тізе бүктірудің 20 жылдық мерекесінде КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Л. И. Брежнев: «Жамбыл жеңіске жету жолында өз творчествосымен көмектескен ақындардың бірінен саналады», - деп атады.

Ұлы ақын Жамбыл тудырған поэтикалық мұралардың қазақшадан орысшаға жасалынған тәржімасын атап өткен орынды. Себебі, тек орыс тіліне аударылған Жамбыл бүкіл одақтың даңққа, ал одан кейін әлемдік даңққа ие болды. Басқа көптеген тілдерге ақын жырлары орыс тілі арқылы аударылып танылды.

Жамбыл өзі орыс тілінің көмегін, оның маңызын өте терең түсініп бағалады. Россияның әдеби туысқандығы бүкіл Жамбыл поэмалары мен өлеңдерінің сапалы аударылуымен жүзеге асқандығын біз, қазақтар, өзіміздің ұлы ақынымыздың есіміне байланысты мақтанышпен айта аламыз.

Мұндай интернационалдық аударма өнеріне орыс поэзиясының ірі өкілдері қатысты, олардың ішінде Самуил Маршак, Илья Сельвинский, Константин Симонов, Михаил Исаковский, Ярослав Смеляков, Маргарита Алигер, Александр Гатов, Николай Сидоренко, Константин Алтайский және Марк Тарловский, т. б. бар. Біз, қазақтар, Жамбыл өлеңдерінің шедеврге айналған классикалық үлгілерін берген және осындай игілікті іске өз өмірінің көп уақытын жұмсаған тұңғыш және негізгі аудармашылар Павел Кузнецов, Константин Алтайский және Марк Тарловскийге зор құрмет көрсетуді ерекше сезінеміз.

Соғыс тұсында Жамбыл бірнеше рет қайталап: «Мен фашизмді талқандайтын жеңіс күніне дейін сөзсіз өмір сүремін», — деуші еді. Ол осы арманына жетті. Ол жеңіс күнін құшақ жая қарсы алды.

Жүз жасқа толуға алты ай қалғанда, яғни 1945 жылы 22 июньде Жамбыл дүние салды.

Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті және Қазақ Республикасының үкіметі Жамбыл қазасын халыққа хабарлағанда «XX ғасырдың Гомері және халық поэзиясының алыбы» деп атады.

Жамбылдың қайғылы қазасына бүкіл әлем үн қосты. Ол қайтыс болған жерге (ақынның есімімен аталған колхоздағы үйіне) соңғы сапарға шығарып салу үшін Алматыдан мыңдаған адамдар ағылып келіп жатты. Ақын сүйегі қойылған жердің үстіне күміс күмбезді мавзолей түрғызылды.

Жамбылды тағы да Абаймен салыстыруға реті келіп тұр. Қазақ жазба реалистік әдебиетінің негізін салушы, білімпаз ақын, философ, ағартушы Абай өзінің баспа бетінде бірде-бір сөзін көре алмай, көз жұмды ғой. Ал, совет дәуірінде өмір сүрген, қара танымайтын Жамбыл туындылары бастан-аяқ басылып шықты. Жамбыл поэзиясы туысқан республикалардың барлық тіліне, бүкіл континенттегі қырықтан астам шетел тіліне тәржіма жасалынды. Оның поэзиясында совет дәуірінің ұлылығы поэзия тілімен дәлелденіп, шынайы дәріптелді.

Қазақстандағы ең үлкен облыс және оның орталығы, өзі түрған аудан Жамбыл есімімен аталды. Қазақстанның мемлекеттік филармониясына, Алматыдағы бір көшеге, сонымен қатар колхоз, мектеп, кәсіпорындарға оның есімі берілді. Жамбыл қаласындағы алаңға ақын ескерткіші қойылды.

Жамбылды қылқалам шеберлері полотноға, ал мүсіншілер — қолаға, мәрмәрға, ағашқа бейнеледі. Кілемшілер оның образын кілемге өрнектеді. Ол тұрған үйде Жамбыл мүзейі ашылды. Жамбыл туралы көптеген кітаптар жазылды. Көркемсуретті фильм жасалынды. Дүние жүзінің барлық халқы Жамбылды біледі. «Жамбылдай бол», «Жамбылдың жасына жет» деген бата сөздер де бар.

Кімде-кім өмірде бір рет болып, оған Жамбылды көрудің және тыңдаудың сәті түссе, онда ол мұндай қарапайым адамның ұлылығын, жомарт табиғат тудырған жанды, халық поэзиясының ақсақалын естен шығармас еді.

Ол өзін туған халық поэзиясынан ешқашан оқшау ұстаған жоқ. Калинин ақсақалдың қолынан Еңбек Қызыл Ту орденін алып жатқанда: «Наградталған
мен емес, қазақ халқының поэзиясы», - деуі жай емес.

Қазір халық поэзиясы ұлы ұстазының тамаша дәстүрін ілгері дамытып, оның ардақты өсиетін орындауда.

Халық поэзиясы жазба әдебиетпен қатар дамып, халықтың рухани мәдениетін байыта түсуде. Бүгінгі таңда Жамбыл шәкірттерінің жаңа мектебі бар. Ол күн сайын өркен жайып, дамып келеді.

Жамбыл мәңгілік атаққа ие болды. Мұны Жамбылдың өзі ұқты ма екен? Әрине, ұқты.

Өзінің досы Сүлейман Стальский Жамбылға арнаған өлеңінде Пушкиннің «Ескерткішіне» үндес мынадай ақиқат шындықты айтқан:

Өлгенің жоқ, сен тірі.
Сені сүйген ел тірі.
Жырдан қырға бақша еккен,
Жыршыға бесік тербеткен
Алатауда сен тірі.
Бауырым, бізге өлім жоқ,
Өлім бізден арылған...

Дерек көзі:

Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер. YI том. Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 18-40-беттер.